



«Бекітемін»

Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті
ректорының м.а.

Г.С. Джарасова

«05» шілде 2019 ж.

**Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы
Ғылыми-зерттеу институтының
2019 жылдың жарты жылдық
ЕСЕБІ**

Жартыжылдық мерзімде Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-зерттеу институты тарапынан қоғамдық келісімді және ұлт бірлігін нығайтуға арналған мақсаттық жұмыстар атқарылған. Ұйымдастырылған шаралар университетің ғылыми-зерттеу, ғылыми-білім беру, оқу-әдістемелік және қоғамдық-көпшілік салаларды қамтыды.

**1 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖҰМЫСТАРЫ**

2019 ж. 29-31 мамыр аралығында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.д., қауымд. профессор (доцент) Ж.Ү. Қыдыралина ел астанасы Нұр-Сұлтан қ. өткізілген «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының X Халықаралық форумының жұмысына қатысты. Форумға қатысушылары Ақмола облысы Ақмол селосындағы қуғын сүргін құрбандарын еске алатын «АЛЖИР» тарихи-мемориалды кешенінде болды, Нұр-Сұлтан қ. Абай даңғылындағы 1932-1933 жж. Қазақстандағы жаппай ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішіне гүл шоқпарларын қойды, содан соң сол жағалаудағы жаңа Ботаникалық саябаққа қарама қарсы орналасқан «Қазақ еліне мың алғыс» монументінің алдында флэш-моб акциясын өткізді.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ҚХА Институты форум аясында өткізілген басқа да шараларға қатысты. Мәселен, ҚР Ұлттық музейінде өткізілген сталиндік саяси қуғын сүргін тарихына арналған жаңа кітаптардың тұсаукесері өтті. Жұртшылыққа ҚР Мәжіліс Парламенті депутаты, «Болашақ» университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Дұлатбековтің дайындаған «Лев Примиров. Исповедь художника Карлага» еңбектер жиынтығы және ҚР Президенті мұрағатының қызметкерлерінің құрастырған «Из истории депортации народов в Казахстан» құжаттар жинағының 3 томы таныстырылды. Бұл жинақта құрастырушылар т.ғ.д. Ж.Ү. Қыдыралинаның «Депортированные в Казахстан народы: история

современность» (- Алматы: Ғылым, 1999. – 187 б.) ғылыми монографиясына сілтемелер жасап, ғалымның еңбегінен Гурьев облысына 1937-1938 жж. және 1941-1944 жж. күштеп жер аударылған халықтар туралы тарихи мәліметтер келтірілген.

Форумға қатысушылар астананың оқу орындарымен мәдени ошақтарында өткен «Бейбітшілік сабақтарына» қатысты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ҚХА Институтының директоры Ж.Ү. Қыдыралина астаналық «Достық үйінде» өткен кездесуге қатысты.

27 мамырда осы тақырыпта Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде де 31 мамыр – Қазақстандағы кеңес кезіндегі ашаршылық және саяси-қуғын қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «дөңгелек үстел» өтті. Шараға облыстың мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, ғылыми-сарапшылық қауымдастығы, жоғарғы оқу орындарының профессорлік-оқытушылық құрамы мен студент жастары, Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің басшылары мен мүшелері, БАҚ өкілдері, саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары қатысты. Жиында Қазақстандағы кеңес кезіндегі жаппай саяси қуғын-сүргін туралы тарихи зерттеулердің жаңа бағыттары, аймақтық мемлекеттік мұрағатының саяси қуғын-сүргін тарихы бойынша деректерді жариялау жұмысы, халықтың қайғы-қасыреті туралы деректер мен естеліктерді кейінгі ұрпақтарға сақтап қалу мәселелері талқыланды. Ғылыми кеңес залында осы тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Университет ректоратының қолдауымен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Архив-2025», «Ұлы дала тұлғалары», «Атырау арыстары» жобаларды іске асыру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Ж.Ү. Қыдыралина 3-7 маусым, 24 сәуір – 6 мамыр аралықтарында Қазақстанның көрнекті мемлекеттік қайраткерлері Жалау Мыңбаев, Нығмет Нұрмақов, сондай-ақ XX ғ. Қазақстандағы жастар ұйымдары тарихынан беймәлім беттері туралы ғылыми зерттеулерді дайындау үшін орталық және аймақтық мемлекеттік мұрағаттарында жұмыс істеді. Институт директорының ғылыми іс-сапардағы зерттеу ізденісі барысында Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы ҚР Президенті мұрағаты, ҚР ІІМ Арнайы мемлекеттік мұрағатында, Қарағанды мен Павлодар облыстары мемлекеттік мұрағаттарында бұрын ғылымы айналымға еңбеген XX ғ. КСРО-дағы саяси репрессиялар және ұлт зиялыларының тағдырлары, қазақ жастыры құрған 1950-1960 жж. «ЕСЕП», «Жас ұлан», «Жас қазақ» ұйымдары туралы жаңа деректер мен құжаттар табылды. Павлодар қаласында Жанна Қыдыралина «Жас ұлан» ұйымын 1969 жылы құрған, қазіргі кезде танымал қоғам қайраткері, Қазақстан жазушылары Одағы Павлодар облыстық филиалының төрағасы, ақын Арман Қанимен және сол ұйымның мүшесі болған, қазір кәсіпкер Қайролла Қаженовпен кездесті. Зерттеуші және аталған қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері Павлодар

қаласындағы кеңес кезеңдегі ашаршылық және саяси қуғын сүргін құрбандарына арналған мемориалдарда болды.

17 сәуірде университеттің Ғылыми кеңес залында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жер» және «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобалары төңірегіндегі жаңа басылымдармен таныстыруға арналған дөңгелек үстел өткізілді. Шараға Атырау облысы әкімі аппаратының Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы, «Қоғамдық келісім» МҚМ, облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қолдау инспекциясының, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының басшылықтары, Атырау мұнай және газ университеті, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының профессорлар мен оқытушылары, студенттер, магистранттар, ҚХА ғылыми-сарапшылық топ мүшелері қатысты. Шараны кіріспе сөзімен Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылым жөніндегі проректоры, қауымд. профессор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов ашты. Жиында жиналғандарды ортағасырлық «Ақтөбе-Лаэти» қалашығын зерттеуі туралы материалдар жинағымен Андрей Александрович Кораблев, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы; Вячеслав Константинович Афанасьев, Атырау мұнай және газ университетінің профессоры, археолог, өлкетанушы; Лев Львович Гузиков, журналист, өлкетанушы, таныстырды. Дөңгелек үстелді Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, доцент Жанна Үркінбайқызы Қыдырәлиева жүргізді. Сонымен қатар модератор «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының жаңа басылымдарына шолу жасады. Ювала Ноа Хараридің «Sapins. Адамзаттың қысқаша тарихы» атты кітабы туралы пікірімен Гульнара Адильбековна Сапарова, зоология және жалпы биологиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, биология ғылымдарының кандидаты бөлісті. Стивен Р. Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» кітабы туралы пікірін гуманитарлық пәндер және өнер факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлфайруз Қайрғалиқызы Қайрғалиева білдірді. Шара барысында жаңа кітаптардың көрмесі ұйымдастырылды.

28 ақпанда университетте 1 наурыз - Алғыс айту күні арналған «Инновациялық білім беру» факультетінің және ҚХА Институтының ұйымдастыруымен "Алғыс айту - парызым" атты мерекелік шара өтті. Мұнда факультеттің студенттері мен магистранттары әртүрлі ұлт өкілдерінің ұлттық тағамдарынан дәм таттырып, арнайы ән-биден шашу шашты. Аталған шараға Атырау облысының этномәдени бірлестігінің мүшелері қатысып, ақ тілектерін жаудырды. 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған шара жоғары деңгейде өтті. Шарада Атырау қ. «Иверия» грузин этномәдени бірлестігінің басшысы Зураб Бобохидзе жиналғандарды мерекемен құттықтап жас өспірімдердің грузин би ансамблі өз өнерлерін көрсетті, әсіресе «Лезгинка» биімен көрермендерді қызықтырды. Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті бойынша еліміздегі халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында жарияланған Алғыс айту күнінің мәні мен мағынасын студент-жастар арасында насихаттау мен түсіндіру үшін іс-шаралар өткізілді.

Студенттер алдында тарихшы, философ, саясаттанушы ғалымдары 2018 жылғы 25 ақпан – 1 наурыз аралығында тақырыптық дәрістер мен, кураторлық сағаттар ұйымдастырды. 13 ақпанда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сараптамалық тобының мәжілісі өтті. Жиында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы аясындағы ғылыми жобаларлы іске асыру мәселелері және топтың жұмыс жоспары талқыланды. Жиналысқа аталған топқа кіретін Атырау мемлекеттік газ және мұнай университеті және Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының ғалымдары да қатысты.

15 қаңтарда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университет онлайн режимінде өткізілген Ресей және Қазақстанның Ұлы Отан соғысы тарихы туралы ізденіс қозғалыстарының тәжіребесі мен перспективалары мәселеріне байланысты Халықаралық бейнекөпірге қатысты. Атырау университетінің студиясында тарихшы-мамандар жиналды. Шарада модератор - ҚХА институтының директоры Ж. Қыдыралина Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарихшы – ғалымдардың Ұлы Отан соғысы тарихына байланысты РФ мұрағаттарынан табылған жаңа деректермен жұмыс істеу барысы туралы қысқаша баяндады.

2 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУ (ІС-САПАРЛАР)

Жоғарыда аталғандай, 2019 ж. 29-31 мамыр аралығында ел астанасында Қазақстандағы кеңес кезіндегі жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының Х Халықаралық форумы өтті. Жиынға Қазақстанның әрбір облысынан және таяу мен алыс шетелдерден: Мәскеу, Грозный, Нальчик, Бішкек, Ташкент, Вена, Сеул қалалырынан, жетекші ғалымдар мен мамандар қатысты. Солардың қатарында форум аясында өткен әртүрлі шараларына Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ҚХА институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Ж.Ү. Қыдыралина қатысты. Ол 30 мамырда ҚР Ұлттық музейінде өткен ғылыми-практикалық конференциясында «Құпиясыздырылған тағдырлар»: арнайы мемлекеттік органдары мұрағатарындағы Қазақстанда 1920-1980 жж. ұлттық интеллигенция мен жастардың қуғын-сүргін тарихы туралы құжаттар» атты баяндама жасады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры 12-13 наурызда Ақтау қаласында өткен «Маңғыстаудың тарихи-мәдени мұраларын зерттеудегі жаңа көзқарастар мен перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның «Тарих» секциясында Қазақстанның мемлекеттік қайраткері, Гурьев облысы Адай уезінің тұмасы Жалау Мыңбаев туралы баяндама жасады. Баяндама жарияланған конференция материалдарының жинағына енді. Конференция аясында 13 наурызда ҚХА институт директоры, т.ғ.д. Ж. Қыдыралина және қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к. Н. Сармурзина «Жалпыұлттық және өңірлік

маңызы бар қасиетті орындарды зерттеу және танымал ету келешегі» жүрмелі семинарға, Мемлекет басшысының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында ұйымдастырылатын Амал мерекесіне арналған Каспий жағалауы – Ақшұқыр ауылы бағытында жүретін «Ұлы Дала көші» театрландырылған шарасына қатысу, Түпқараған ауданында «Шақпақ-ата жерасты мешіті және қорымы» ескерткішке бару, Маңғыстау ауданында Отпан тау тарихи-мәдени кешенінде Амал (көрісу) мерекесіне қатысты.

14-15 наурызда Ж.Ү. Қыдыралина Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында көзделген «Ұлы Даланың тұлғалары» жобасы шеңберінде мемлекеттік қайраткер, Атырау және Маңғыстау өңірінің тумасы Жалау Мыңбаев туралы ғылыми монографиясын дайындау мақсатында Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында жұмыс жасады және тарихи тұлғаның ұрпақтарымен кездесіп сұхбат алды.

3 БАСПА МЕН ЖУРНАЛДАР, ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ-та ЖАРИЯЛАНЫМДАР (МАҚАЛАЛАР)

Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры Ж.Ү. Қыдыралинаның 2019 ж. жарық көрген жана ғылыми еңбектері:

1) Религиозность и светский образ жизни в Казахстане: традиции и способы сосуществования // Конфессиональная политика государства. Сборник материалов Межд. конференции. – М.: РОССПЭН, 2019.

2) Идейное противостояние казахской политической элиты политике Малого Октября в Казахстане // Новый взгляд и перспективы изучения историко-культурного наследия Мангистау: Материалы Международной научно-практической конференции, Акимат Мангистауской области, Управление культуры Мангистауской области, г. Актау, 12-13 марта 2019 г. – Актау, 2019.

4 БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ ЖОО ОРЫНДАРЫНМЕН БІРГЕ ЖАСАЛЫНҒАН ШАРАЛАР, ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР

2019 ж. 24 маусымда ҚХА институтының директоры, т.ғ.д. Ж.Ү. Қыдыралина университетте мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаевтың «Қазақстан дамуының 10 бағыты» бағдарламасына байланысты мәселелерді талқылауға арналған саясаттанушылар мен сарапшылардың қатысуымен өткізілген дөңгелек үстеліне қатысып, елдегі әлеуметтік, саяси-қоғамдық және рухани-мәдени салаларындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары және қоғамның сұранысындағы мәселелері жөніндегі пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар облыстық «Атырау» телеарнасына осы мәселері туралы екі тілде сұхбаттар берді.

13 сәуірде ҚХА институтының директоры, т.ғ.д. Ж.Ү. Қыдыралина ҚХА Хатшылығының тапсырмасы бойынша ҚХА мүшесі, облыстық орыс, казак

және славян бірлестіктері Қауымдастығының төрағасы В.Н. Заверткинмен кездесті. Әңгіме барысында облыстық Достық үйінің жаңа ғимаратында ұйымдастырылатын этнографиялық мұражайына университеттің тарихшы-ғалымдарының ықпал жасап, көмек көрсету мүмкіндіктері талқыланды. 12 маусымда ҚХА институтының директоры, т.ғ.д. Ж.Ү. Қыдыралина университетте мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаевтың инаугурациялық сөзіне байланысты республикалық және облыстық телеканалдардың журналистеріне екі тілде сұхбаттар берді.

19 сәуірде Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында еліміздің дамуына үлес қосып, білім, ғылым, мәдениет және өнер саласында айрықша із қалдырған Атырау өңірінің біртуар азаматтарына арналған «Тұлғалар аллеясының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға облыстың жұртшылығы, ардагерлер, жастар, мемлекеттік және қоғамдық ұымдардың өкілдері, соның ішінде Атырау облысы әкімі аппараты ҚХА Хатшылығы және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің өкілдері де қатысты. 16 сәуірде «Рухани жаңғыру» облыстық жобалық кеңсесінде ұйымдастырылған мерзімінен тыс өткен президенттік сайлауына байланысты дөңгелек үстеліне қатысып, ҚХА Институтының директоры Ж.Қыдыралина басқа да жиналған мемлекеттік және қоғамдық органдардан мен мекемелерден келген өкілдерімен қатар өз ойларымен бөлісті. 23 наурызда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жаңа жатақханасының оқу залында өткен Қазақстандағы саяси биліктің транзиті және ел астанасының атау өзгертілуіне байланысты дөңгелек үстеліне қатысып ҚХА институтының директоры сөз сөйледі және БАҚ өкілдеріне сұхбаттар берді. 19 наурызда ҚХА институтының директоры бұл мәселелері жөнінде республикалық және облыстық телеканалдары журналистеріне де сұхбаттар берді. 22 наурызда ҚХА Институты Атырау мемлекеттік университетінің барлық құрылымдық бөлімшері мен ұжымымен Атырау облысы әкімі аппаратаы ғимараты алдындағы алаңдағы өткізілген Наурыз мерекесіне қатысты. 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай ҚХА Институтының директоры Ж.Ү. Қыдыралина облыстық «Атырау» телеарна студиясынан тікелей эфиріндегі «Алтын көпір» бағдарламасына қатысып, облыстағы этномәдени ахуалы туралы мәселелеріне байланысты теледидар тындаушылардың сұрақтарына жауап берді. 22 ақпанда ҚХА Институты директоры орыс филология кафедрасы ұйымдастыруымен ашылған ораторлық өнер клубының мәжілісіне қатысты. Шарада облыстық «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің басшысы А.А. Кораблев университетке және орыс филология кафедрасына орыс тілі және әдебиет жөніндегі жаңа басылымдарды сыйға тартты.

5 ақпанда ҚХА Институтының директоры Атырау облыстық «Тхоньил» кәріс этномәдени бірлестігінде өткен Шығыс елдерінің Ай күнтізбесі бойынша Жаңа жыл - Соллаль мерекесіне қатысты. 3 қаңтарда ҚХА Институтының

директоры «Тхоньил» кәріс этномәдени бірлестігінде өткен аға буын өкілдерін Жаңа жылмен құтықтау мерекесіне қатысты.

5 ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМАСЫНА ҚАТЫСУ

«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасы Ұлттық орталығы» АҚ сарапшысы ретінде ҚХА Институтының директоры Ж.Ү. Қыдыралина ҚР БҒМ Ғылым комитетінің жоспарлы бағдарламалары бойынша ұсынылған ғылыми жобаларды сараптап, сараптамалық қорытындыларын дайындады.

6 ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ АТТЕСТАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАРДЫ САРАПТАУ ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСУ


1 шілдеде ҚХА Ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.д., қауымд. профессор Ж.Ү. Қыдыралина ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің апелляциялық комиссиясының мүшесі ретінде өкілетті органның жиынына қатысып, қаралған PhD диссертация бойынша сараптамалық пікір дайындады. 26 маусымда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде ҚХА Ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.д., қауымд. профессор Ж.Ү. Қыдыралинаға профессор ғылыми атағын беру үшін ізденушінің аттестациялық ісі қаралды, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің қарауына ұсынылды.

7 АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Таяуда институттың жылға белгіленген жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылады. Жаз мерзімінде институт жоспарланған үш ғылыми зерттеу жобаларды дайындау үшін жинақталған мұрағаттық құжаттарды жүйелейді. Сонымен қатар ҚР ІІМ Арнайы мемлекеттік мұрағатымен бірлесіп жаңа деректерді іздестіру жұмыстарымен айналысады.


**ҚХА Ғылыми-зерттеу Институтының
директоры,**

**тарих ғылымдарының докторы,
қауымд. профессор**



Ж.Ү. Қыдыралина

**Ғылым жөніндегі проректор,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымд. профессор**



С.Н. Идрисов

4 шілде 2019 ж.